

Ж.С. Сандыбаев 

Нур-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: nmu.zhalgas@gmail.com

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЭТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫ

Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің этикалық философиясы зерделенеді. Әл-Фарабидің басқа ойшылдарға карағанда өзінің этикалық жүйесін құрумен ғана шектелмегені, керісінше, сол жоғарғы идеяларды (кемел философ, үлгілі басшы, ізгі жан, этика, мораль сияқты құндылықтарды жеке өмірінде іс жүзіне асырған дарынды әрі құпия тұлғалардың бірі екені айтылған.

Ғалымның пікіріне сәйкес сұлулық – адамның рухани және физикалық әдемі көрінісі. Осындай этикалық және эстетикалық сұлулыққа ие адамның басшылығы Бірінші басшылық (әкім) болады. Оған бағынатындар – қайырымды, абзал және бақытты адамдар. Егер олар халық болып құрылса, онда бұл халық – қайырымды халық.

Автор әл-Фарабидің «философ», «бірінші басшы», «әкім», «заң шығарушы» және «имам» сыңды ұғымдарды бір ұғым мағынасында қолданғанын алға тартады. Әл-Фарабиге сәйкес аталмыш тұлғалардың әрбірінің бойында болуы тиіс әдептілік талаптарын саяды.

Зерттеуші тақырыпты ашу мақсатында ғалымның этикалық жүйесіндегі «Адам бақытқа жетелейтін ұстазға мұқтаж» деген тұжырымын талдайды. Адамның өмір сүру мақсаты – жоғарғы бақытқа жету. Адамға сол бақыттың не екенін түсіндіретін және оған жету жолын сілтейтін – тәлімгер. Мақалада әл-Фарабидің араб тіліндегі «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жайында», «қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» және т.б. шығармалары қолданылған.

Түйін сөздер: Әл-Фараби, Ибн Сина, Ғазали, этика, мораль, философия, кемел адам, азаматтық қоғам, қайырымды қала, басшы, ұстаз, адамгершілік құндылық.

Zh.S. Sandybayev

Egyptian University of Islamic culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty
e-mail: nmu.zhalgas@gmail.com

Ethical philosophy of Abu Nasr al-Farabi

The article deals with the ethical philosophy of Abu Nasr al-Farabi. The difference between al-Farabi and other thinkers, not only in the creation of his own ethical system, but also he was one of the gifted individuals who implemented these lofty ideas (a perfect philosopher, an exemplary leader, morality, ethics, morality) in his personal life.

According to the scientist, beauty is the harmony of a person's spiritual and physical beauty. The ruler is the leader of a person with ethical and aesthetic beauty. It is received by kind, caring and happy citizens. If they form a people, then it is a virtuous city.

The author claims that al-Farabi used the terms "philosopher", "first leader", "ruler", "legislator" and "imam" in the same sense. According to al-Farabi, each of these persons meet the requirements of ethics.

To reveal the topic, the researcher analyzes the assertion of the scientist in the ethical system that "a person needs a teacher who leads to happiness." The goal of human life is to achieve the highest happiness. The person shows the way and explains what happiness is – a mentor. The article uses "Civil policy", "On the achievement of happiness", "On the views of the inhabitants of a virtuous city" and other works of al-Farabi in Arabic.

Key words: Al-Farabi, Ibn Sina, Al-Ghazali, ethics, morality, philosophy, perfect man, civil society, virtuous city, leader, teacher, moral values.

Ж.С. Сандыбаев

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы
e-mail: nmu.zhalgas@gmail.com

Этическая философия Абу Насра аль-Фараби

В статье рассмотрена этическая философия Абу Насра аль-Фараби. Отличие аль-Фараби от других мыслителей, не только в создании собственной этической системы, но и был одним из одаренных личностей, претворявших эти высокие идеи (совершенный философ, образцовый руководитель, мораль, этика, нравственность) в своей личной жизни.

По мнению ученого, красота – это гармония духовной и физической красоты человека. Руководством человека обладающего этической и эстетической красотой является – правитель. Его принимают добрые, заботливые и счастливые граждане. Если они образуют народ, то это добродетельный город.

Автор утверждает, что аль-Фараби использовал термины «философ», «первый руководитель», «правитель», «законодатель» и «имам» в одном значении. По мнению аль-Фараби, каждый из этих лиц соответствуют требованиям этики.

Для раскрытия темы исследователь анализирует утверждение ученого в этической системе о том, что «человеку нужен учитель, ведущий к счастью». Цель жизни человека – достижение наивысшего счастья. Человеку указывает путь и объясняет, что есть счастье – наставник. В статье использованы «Гражданская политика», «О достижении счастья», «О взглядах жителей добродетельного города» и другие труды аль-Фараби на арабском языке.

Ключевые слова: Аль-Фараби, Ибн-Сина, Аль-Газали, этика, мораль, философия, совершенный человек, гражданское общество, добродетельный город, руководитель, учитель, нравственные ценности.

Кіріспе

Қазіргі заманда адамгершілік құндылықтар философиясын қайта жандандыру, соған тәрбиелеу және оны кеңінен насихаттау көпұлтты мемлекетіміздегі өзара түсінісу мен рухани келісімді нығайтуға, әлеуметтік-діни және мәдени үйлесімділікті арттыруға ықпалын тигізері сөзсіз. Осы орайда, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Жаңа кезеңдегі негізгі міндет – жалпыға танылған демократиялық құндылықтар мен өзіміздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың дәстүрлері үйлесімді ұштасатын ашық, демократиялық және құқықтық мемлекеттің негіздерін одан әрі нығайта беру» (Nazarbayev N., 2007:63) – деген сөзінің маңызын ескерген жөн.

Бүгінде адамның әлемдік дағдарыстан шығу жолы – адам зердесінің сапалы түрде өзгеріп, рухани жаңаруында. Біз көріп отырған әлемдік дағдарыс, әсіресе, экологиялық қауіп адамның рухани бастау мен рухани-адамгершілік құндылықтардың қажеттілігіне деген сенімін жоғалту салдарының нәтижесі (Kabykenova B., 2007:44). Жалпы сипатқа айналып бара жатқан жатсыну мен адамгершілік дағдарыстан пайда болған адамның көкірегіндегі рухани бостық орнын толтыру үшін, жан дүниеге бағытталған ортағасыр Шығыс мәдениетінің адамгершілік құндылықтарына бет бұру қажет. Ортағасыр мұсылмандық Шығыстың әлеуметтік-этикалық, саяси-философиялық мазмұнын көрсететін Әбу Насыр әл-Фарабидің ахлақ философиясы – «Азаматтық саясат» немесе «Қайырымды қала тұрғындары» атанып, бүкіл әлемге танылған ортағасыр мәдениетінің бір бөлігі. Энциклопедист һәм философ әл-Фарабидің тек мұсылман этикасы емес, әлем мәдениетінің өркендеуіне өшпес із қалдырғаны сонша, оның «Әс-Сиясату

әл-Мәдәния» (Азаматтық саясат), «Аро-у әһлу әл-мәдинати әл-фазилә» (Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары), «Тасхиль ғәлә әс-сағада» (Бақытқа жету жайында) және т.б. трактаттары күні бүгінге дейін халықтар мен мәдениеттер арасындағы орны айрықша.

Әдіснама

Бұл мақалада әл-Фарабидің этикалық әліміне тарихи-философиялық және әлеуметтік-этикалық талдаулар жасалды. Сонымен қатар зерттеу барысында негізінен сараптамалық әдіспен қатар ғылыми зерттеудің интерпретациялық ашықтау, тарихи сипаттау, зерделік саралау сияқты зерттеудің дәстүрлі әдістері де қолданылды.

Негізгі бөлім

Әл-Фараби басқа ойшылдарға қарағанда өзінің этикалық жүйесін құрумен ғана шектелмеді, керісінше, сол жоғарғы идеяларды (кемел философ, үлгілі басшы, ізгі жан және т.б.) жеке өмірінде іс жүзіне асырған дарынды әрі құпия тұлғалардың бірі. Ол нәпсісін тәрбиелеп, кемелдікке ұмтылған ғалым. Сондықтан адамның жанын зерттеу ойшылдың жеке және ішкі қасиеті болды:

أن يهوى إنسان الخير لغيره أكان خيرا في الحقيقة أو خيرا
مظنونا عند من يهوى له الخير إنه خير لا خير فاضل.

«Ізгілікті қалаушы адам басқа адамға игілік қалауы керек, әйтпесе оның мұндай қабілеті шынайы ойшылдық ізгілік бола алмайды, яғни бұл қалаушының ойындағы ізгілік болып қала береді. Расында ол шынайы игілік емес, жай ғана жақсылық болмақ» (Аудар. Ж.С. Сандыбаев) (Al-Farabi., 1995:52).

Ғалымның айтпағы, адам біреуге жақсылық қаласа, онда оны шын көңілімен қалап, жанымен жақсы көруі тиіс. Егер адам оны жанымен қалап жасамайтын болса, онда оның жасаған игі амалы шынайы ізгілік саналмайды, қатардағы жай ғана игілік болып қала бермек. Ойшыл мұнда адамның сыртқы амалына емес, оның жанына мән беруде. Сол себепті әл-Фарабиді араб әлемінде «әл-муғаллим әр-рухи» (жан мұғалімі) деп те атайды. Өйткені, ғалым адамның жан әлеміне, оның рухани тірбиесіне көп мән берген. Ол өзі насихаттатаған ахлақ ілімін өмірде қолдана білген жан. Өзінің білімі мен даңқына қарапайым қараған. Азды қанағат тұтып, кісәпірлікті ұнатпаған жан. Ойшыл өзінен бұрын өмір сүрген философтар сияқты ғұмыр кешкен. Бірде тағылымы мол қазыналы әл-Фарабиге біреу:

«Кім білгір, сен бе, әлде Аристотель ме?» – деп сұрақ қойған көрінеді. Сонда ол: «Егер одан білгір болсам, мен оның үлкен шәкірттерінің бірі болмас едім», – деп жауап беріпті. Ғалымның мейілінше қысқа әрі терең жауабынан, «Аристотель менің ұстазым» деген түйінді тұжырымын байқаймыз (А. Nysanbayev, G. Kurman-galiyeva, Zh. Sandybaev, 2009:15).

Ғалым әлсізге жәрдем беру, кішіпейілдік, жомарттық сияқты ахлақ құндылықтарын тек теориялық айтып қоймай, бойына сіңіріп, практикада қолданған жан екеніне мынадай да оқиға бар: бір күні әл-Фараби Дамаскі базарына барды. Мұнда тісімен тері тартып отырған сымбатты жас етікшіні көреді. Өлгі жігіттен: «Мұндай ыждағатпен істеген жұмысың үшін күніне қанша аласың?» – деп сұрайды. Ол: «Екі дирхам», – деп жауап береді. Мұны аяған ғалым күніне сарайдан алатын 4 дирхамын осы жігітке беріп отырған екен. Бұл жігіт ұстаздың сұхбатшысы болыпты (Khaireullaev M., 1967:143).

Демек әл-Фараби этика ұстанымдарын өзгерлерге мысал хәм үлгі болатын деңгейде насихаттаған. Себебі ол трактаттарында негізгі эстетикалық категорияны негіздеуге үлкен мән беріп, басқаларды бақытқа жетелейтін басшының бейнесін алға тартқаны мәлім. Мұнда басшы адамның сыртқы бейнесі мен ішкі дүниесі үйлесімдік тапқан сұлулық категориясының маңызы айырықша болды.

Ғалымның пікіріне сәйкес сұлулық – адамның рухани және физикалық әдемі көрінісі. Осындай этикалық және эстетикалық сұлулыққа ие адамның басшылығы Бірінші басшылық

(әкім) болады, ал адамдардың қалғандарының бәрінің басшылығы Бірінші басшылықпен салыстырғанда, кейінгі басшылық және сол Біріншідан тарайтын басшылық болып табылады. Бұл айқын нәрсе.

Оған бағынатындар – қайырымды, абзал және бақытты адамдар. Егер олар халық болып құрылса, онда бұл халық – қайырымды халық, ал егер бәріне ортақ жерге бірігіп қоныстанса, онда қоныс қайырымды қалаға айналады. Егер ортақ қонысқа бірікпей, әр қилы жерге орнығып, түрлі басшылыққа бағынса, бұратана халық болып шыға келеді.

Ойшыл бұлардың бытыраңқылығы бұрынсоңды ұйымшыл халқы бар қаланы кездестірмегендіктерінен не болмаса жау шапқыншылығы, індет, қуаңшылық, т.б. сынды бақытсыздыққа ұшырап, лажсыз ыдырап кеткендігінен болуы әбден мүмкін деп ойын топшылайды (Al-Farabi., 1996: 68).

Әлеуметтік өмірде және билік саласында ахлақты жоғары санаған әл-Фараби адамның мұндай қасиеті – жоғалмайтын қабілет, өнімі мен таусылмайтын қызмет түрі. Әділдікті сақтау, жақсы мінез-құлықты қалыптастыру оның бас кепілдігі. Белгілі бір игі әрекетке әдеттену, жақсы құлықты жетілдіру – адамды жетілдірудің өнері мен өнегесі деп санайды.

Әл-Фараби адамның бойындағы ерік күшіне негізделген қайырымдылық пен зұлымдылыққа, яғни жақсы және жаман қылықтарды да талдап көрсетіп, бұлардың тек адамға ғана тән екенін айтады. Ерік күшіне негізделген қайырымдылықтың жолы, адам жанының бес пайымдау күштері арқылы болады: теориялық ақыл-парасаты, практикалық ақыл-парасатты, талпынушы, қиялдаушы және түйсінүші күштер арқылы. Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл-парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бұл адамға әрекетшіл ақыл-парасат беретін әуелгі бастамалар мен әуелгі білімдерді адам пайдаланып, пайымдауы керек. Кейін, ол талпынушы күш арқылы бақыт жолдарын іздегенде, практикалық ақыл-парасат күші арқылы бақытқа жету үшін ол не істеуі керек екенін ойластырып жасайды (Zh. Sandybaev, 2001:42).

Діни мистиктермен салыстырғанда ойшыл адам баласының бақытқа кенелуін тек арғы дүниеден емес, керісінше бұл дүниеде бақытқа қол жеткізуінің жолын іздеді. Бұл жайында әл-Фараби:

وإن كل موجود إنما كون ليبلغ أقصى الكمال الذي له أن يبلغه
فالذي للإنسان من هذا بحسب رتبته في الوجود الذي يخصه
هو المخصوص باسم السعادة القصوى

«Жан біткеннің бәрі ең биік кемелдікке жету үшін жаралған, ол бұған өзіне тән болмыс сатысына сәйкес жете алады. Бұдан жалпы адамға тиетін үлес ең жоғары бақыт деп аталады» деп ойын тұжырымдайды (Аудар. Ж.С. Сандыбаев). (Al-Farabi., 1995:76).

Ғалымның пікірінше адамзат қоғамында ие болып отырған дәрежесіне сәйкес қайсыбір адамға тиетін үлес, осы текке лайықты ең жоғары (кемелдікке жету) мақсат болады. Осы мақсат үшін өмір сүруші индивид – әділетті индивид, ал осы мақсатты көздейтін өнер (ахлақ ілімі) – жеке-дара әділетті және ізгі өнер. Осыған сәйкес халықтар мен қала тұрғындарын ерікті түрде оқытып, үйрету үшін пайдаланатын адамдар – бойына ізгі қасиеттер (даналық, ұстамдық, байсалдық, әділ әрі жақсы мәміле жасайтын көркем мінез) бен шешендік өнері дарыған адамдар екенін айтады. Сөйтіп ойшыл адамдарды бақытқа жетелейтін таңдаулы жандардың¹ бойындағы ахлақтың маңызына назар салады.

Әл-Фараби бойына ізгі қасиеттер мен шешендік өнері дарыған адамдар деп отырғаны – философтар. Себебі, ол дәуірлерде шешендік өнері философия ғылымының құрамында болатын әрі бұл өнерді философтар арнайы үйренген. Әл-Фарабидің айтуынша халықты басқарған патша, әкім немесе имам² (басшы) философ болмаса да философияны білуі лазым. Себебі, әкімдер, билеушілер бұқара халықтың жан-жүйесін баурап, басқарып, бағындырып, оларды жөнге салып отыру үшін иландыру әдісімен басқарады, осыған орайлас олар сезімге әсер ететін түрлі этикалық және эстетикалық мазмұнды қамтыған нақыл сөздерді де пайдаланады.

Әл-Фараби адамдарды бақытқа жетелейтін басшының бойында жаман мінездің болмау қажеттігін айтады. Жаман мінез – өнерпаздың өші, игі істі жалғастыруға машықтандырмайды.

¹ Әл-Фараби «таңдаулы жандар» (араб. хосса) деп «имам», «әкім» және «философты» айтады. Сондай-ақ, оларға қатысты: «Олар – өздерінің теориялық танымдарында жалпы жұрт қостаған пікірімен шектеліп қала алмайтын таңдаулы жандар», – деп анықтама берген (Әл-Фараби. Китаб тахсиль әс-савада. Бейрут-Любнан: Дар-уа-мактабатұль-хияль, 1995. – 75 б.).

² Араб тілінде «имам» деп әрі қолбасы, әрі жетекші ретінде бой көрсететін адамды айтады, бұл ретте ол не

Жаман мінез ақиқатқа жетуге кедергі жасайды, жаман мен жақсының аражігін ажыратуға мүмкіндік бермейді. Жаман мінезде жасампаздық, қайырымдылық жетіспейді, бақыт пен бақдәулетке жеткізетін жол талдаусыз қалады. Ондайда жаман, бұзық әрекет жақсы әрекет жасаудан басым түседі.

Жаман мінездің негізі – жабайылық пен наландықта. Адам бойындағы теріс пиғыл әрекетке ұласқанда, елдің берекесі қашып, мемлекеттің құлдырауы жақындай түседі. Көзжұмбайлықтың қауіптісі сол, ол қимыл-әрекетті өнер ретінде жетілдіруге, жүйелеуге мән бермейді, теріс қылықтарды әдейі әдетке айналдырып, тірліктегі тағылымды тұншықтырады.

Әл-Фараби өзінің «Бақытқа жету жайында» атты трактатында: «Әлбетте, «философ», «бірінші басшы», «әкім», «заң шығарушы» және «имам» деген ұғымдар бір ұғым болып табылады», – деп түйіндейді. Кейін аталмыш тұлғалардың әрбірінің бойында болуы тиіс әдептілік талаптарын сайып келтіреді. Негізінде мұндай шарттарды Платон да өзінің «Мемлекет» кітабында баяндаған болатын, мұны әл-Фарабидің өзі атап көрсетеді (Al-Farabi., 1995:96).

Әл-Фараби әкімнің немесе имамның бойында болуы тиіс этикалық талаптарына сәйкес ол мейлінше зирек, ғылымды меңгеру ісінде шыдамды да табанды болуы міндетті. Онда адам жаратылысы бойынша ақиқат пен оның күрескерлерін, әділеттік пен оның жақтастарын сүйеді, өзінің талап-тілегінде дөрекілік пен өзімшілдік мінез көрсетпейді. Тіпті асқа, ішімдікке келгенде қомағай болмауы, дерхем мен динарды, жалпы дүние атауына құмартпайды, оларды жаратылысынан жек көретін болуы керек. Халық арасында ұят немесе ар саналатын дүниелерде әдеп сақтап, инабатты болуға тиіс. Жақсылық пен әділетке оңай бағынып, жамандық пен зұлымдыққа көне бермейді, мұнда оның мейлінше естиарлы болғаны жөн.

өзінен өзі, не көздейтін мақсаты жағынан жетекші болып көрінеді. Әл-Фарабиге сәйкес егер жұрт шексіз іс-әрекет, игілік пен өнер салаларының бәрінде оның жетекшілігіне ден қоймайтын болса, онда ол шын мәнінде жетекші болмақшы емес. Басқаша айтқанда егер имам (басшы) өзінің бойындағы өнерімен, ғылымы және білімімен артынан артынан ешкімді ерте алмаса, онда ол шынайы имам емес (Әл-Фараби. Китаб тахсиль әс-савада. Бейрут-Любнан: Дар-уа-мактабатұль-хияль, 1995. – 74 б.).

Ғалымның пікіріне сәйкес әкім өзінің жаратылыс бейімділігіне сәйкес қағидаттар мен әдет-ғұрып негізінде тәрбиеленген болуы шарт, өзі тәлім алып өскен діни көзқарастарында кәміл сенімді. Діни әмір еткен ізгі амалдардан айнымайды, бұларды түгелдей де, аздап та бұзбауы қажет. Дәстүрі бойынша оңды деп танылған ұстанымдарға қарсы шықпайды. Әл-Фараби осындай әдептілік ережелерін атап келіп: «Егер тиісті теориялық білімдерді меңгерген адамның бойында осы әдептілік қасиеттері дарыған болса, онда оны жалған, дүмбілез немесе өресіз философ деп атай алмаймыз»³-деген тұжырымын ұсынады. (Al-Farabi, 1995:84).

Билеушінің бойындағы этикалық аспектілер мәселесімен барлық дерлік ортағасырлық Шығыстың ойшылдары қалам тербеді десек артық болмас. Бұл мәселе мұсылмандық қоғамда қызу пікірталасқа айналды: мемлекетті кім басқаруы қажет, әкім немесе басшы қандай адамгершілік қасиеттер мен қажетті құралдарға ие болуы керек, қоғамның құрылымы қандай болуы тиіс, басқару қызметін қалай дамытуға болады және т.б.

Мысалы, Ибн Синаның пікірінше, өзгелерді басқаруды бастау үшін алдымен өзін-өзі басқаруды үйрену маңызды. Ибн Сина былай деп жазады: «Өзін-өзі тануға, өз жанын тазарту үшін өзінің ізгіліктеріне жетуге және оны игеру жолдарына ұмтылған адам өзін олардан тазарту мен аластау мақсатында өз күнеларын да тануға ұмтылады және сол арқылы жақсы жүріс-тұрысты таңдауға тырысады. Осынысымен ол бұл және ана дүниедегі өмірде бақытқа жетуге мүмкіндік беретін, кемелдіктен туындайтын өзінің нағыз адами парызын орындай алады» (Nasr S.H., 1971: 138).

Адам өзін-өзі тәрбиелеуі мен өмірдегі өз мақсатына жетуі үшін өзінің барлық артықшылығы мен кемшілігін мұқият талдауы тиіс. Оны аңғаруға өзіндік қадағалау мен сыншыл бағалау қасиеттері мүмкіндік береді. Онан өзге жақын адамыңа – досыңа көңіл аудару да маңызды. Айнаға үңілгендей, оған қарай отырып, өзіңнің қайырымды істерің мен ниетіңді және

соған керісінше – жаман қылықтарың мен пиғылыңды салыстырғанда, байқайсың. Сонда ғана адам өзін терең танып, өзін-өзі тәрбиелеуге кірісе алады.

Фарабише, «әс-сиясату әл-мәдания» азаматтық ғылым – адамның кәміл болуы үшін дем беретін немесе соған жету үшін адамға игілік, ізгілік, қайырымдылық түрінде пайда келтіретін барлық зат біткенді зерттейді де, бұларды өзінің осы кемелдікке жетуіне бөгет болатын жамандық, шалағайлық, қаскүнемдік сияқты заттардан бөлек алып қарайды. Сөйтіп ойшыл адамның кемелдікке жетуі үшін оның бойында болуы қажет қасиеттерді жеке-дара атап көрсетеді де оның қандай сипаттардан арылу керектігін айтады. Бұл жерде қайырымдылық пен дос болу, ізгілік амалдарын орындау, игілікпен бірге жүру сияқты әл-Фарабидің гуманистік-этикалық идеялары анық көрінеді.

Ғалымның пікірінше қарым-қатынас пен басқару ісіндегі көкейтесті мақсаттар – ақиқатқа жету, қайырымдылық жасау, игілік істеу, осындай ниетті, тілекті, қимыл-әрекеттегі ықыласты жеке адамның болмысында үйлестіру.

Себебі, жүрегі кең де ыстық, оқығаны мен тоқығаны тең жан «даналық пен қайырымдылық үшін өмір сүреді». Дана тілегі мен мақсатын үйлестіру арқылы алауыздықтан арылады, оның себептерін сейілетін тәсіл табады. Тәсіл – танымның тоқтауы, дананың оқтауы деп ойын түйіндеген ойшыл, тәсілден мынандай тоқтау-түйін туындайды дейді. Олар мыналар:

– мінез-құлық элементтері арасында үйлеспеушілік неғұрлым аз болса, ол соғұрлым теңдестікке жақын болады, мұның керісінше, үйлеспеушілік неғұрлым үлкен болса, ол теңдестіктен соғұрлым алыс жатады;

– кімде-кімнің әдетке айналған әрекеттері жалпы жұрт пікірінде өте жақсы деп танылғанға үйлессе, оның әдеті теориялық ғылымдарды оқып үйренуге, сондай-ақ оның әрекеттерін шындығында өте жақсы деп қабылдауға бөгет болмайды;

– екі адамның тілегі мен ниеті игіліктің өзі болып табылатын мақсаттың өзіне ғана бағытталса, олардың бұған жеткізетін жолы да, бұған

³ Егер, философ жаратылысы бойынша ақиқат пен оның күрескерлерін, әділеттілік пен оның жақтастарын сүймейтін болса, өзінің талап-тілегінде дөрекілік пен өзіншілдік мінез көрсетсе және асқа, ішімдікке келгенде қомағай болса, ақша мен мал-мүлікті жаратылысынан жек

көрмесе онда ол жалған, дүмбілез және өресіз философ болғаны. Жұрттың теріс деп білетін нәрселері жөнінде ол әдеп сақтамаса, инабатты болмаса, жақсылықпен әділеттілікке оңай бағынбаса жамандық пен әділетсіздікке еркін көнетін болса, шын философ емес.

деген сүйіспеншілігі де бір. Мұндай іштей бірлестікте алауыздыққа орын қалмайды.

Ал енді мақсаттары алшақ болып тұрғанда, ешқандай бірлік те жоқ. Алауыздықтан туған өзіншілдік таратар алауыздық келісім сияқты игілікке емес, жауыздыққа бастауы мүмкін;

– ақиқатты іздеуші екі адам өздерінің мақсатын түсінеді, оны біледі, сондықтан мақсат жөніндегі көзқарастарында алалық тумайды. Ақиқат пен қайырымдылықтан ауытқыған жолда адам адасып, абыржиды;

– бейқамның және бейқамсынған адамның сыбағасы бір, өйткені бейқамдық бейқамды сәтсіздікке бастайтыны сияқты, бейқамсызданған адамды өтірік бейқамдығы сәтсіздікке бастайды. Бейқам адам өзінің не жөнінде бейқамсыздануын білгенімен, бірақ бұған нені пайдалануы керек екенін білмесе, бұл білгені оған көмектеспейді (Al-Farabi., 1996: 112).

Адамға деген осындай қайырымдылық ер мен елдің басын қоса ер намысын, ел намысын қорғайтын, жаны намысқой басшы ғана халықты жарыққа бастайды. Ойдағы қайырымдылық – ұжымды басқарудың басты шарты. Мұндай қасиет қарапайым жұрт үлгі етіп ұстанар бетперде.

Сонымен қатар әл-Фарабидің халықты бақытқа жетелейтін этикалық философиясында ерекше орын алған – ойшылдық ізгілік концепциясы. «Ойшылдық ізгілік дегеніміз – әлденедей бір ізгі мақсатта барынша көп пайда келтіретін нәрсені анықтауға жұмсалатын ізгілік» (Al-Farabi., 1995:56). Ғалым ойшылдық ізгілікке тек адамға, қоғамға пайда келтіретін нәрсенің жолында ғана жұмсалатын ақылдың қабілетін жатқызды. Ал жамандықты көздейтін мақсат үшін жұмсалған ақылды және бұзықтық, пасықтық үшін ұтымды жолдарын іздеу үшін барынша жұмсалған ойлау қабілетін ойшылдық ізгілік деп атамай, оған басқа есім іздеді.

Егер ойлау қабілеті адамдарды алдау-арбау жолында көп пайда келтіретін нәрсені анықтау үшін жұмсалатын болса, онда мұны ойдағы жалған ізгілік деп атады. Әл-Фарабидің ізгі адамы сыртқы көрінісінде қайырымды адам болуымен қатар, оның ақыл-ойы да игілік мақсатында жұмыс жасап, қоғамға, адамдарға оң әсер етіп, пайда келтіруі тиіс. Ізгі мақсатқа қажет және ізгі мақсаттағы ең пайдалы нәрсе, сол мақсаттағы ең әдемі нәрсе дейді ойшыл.

Әл-Фарабидің пайымдауынша, өзге адамға жақсылық жасап, оған игі іс үшін жәрдем беру мақсатында тілектес болмайынша, адамның қалаған ізгілігі нақ ойдағы ізгілік бола алмайды. Ойдағы ізгілік қабілет адамның жеке басында кездеседі. Оның қаншалықты жаман-жақсылығын адамның таңдап алған мақсатынан анықтауға болады. Ізгілік қабілеті бір адамның бойында немесе әртүрлі адамдардың бойында да болуы мүмкін. Бірақ, басшы болатын кісінде ізгілік басым болуы тиіс. Ізгілік қасиеті мен қабілеті жоқ адам, – дейді ғалым, – басшы бола алмайды, ол халық басында отырмауы тиіс.

Әл-Фарабидің этикалық ізгіліктер философиясына сәйкес әр халықтың орналасу жеріне, жағрафиялық мекеніне сәйкес дәстүрінің болғаны сияқты мінезі де әртүрлі келеді:

والأمة تتميز عن الأمة بأشياء طبيعية : بالخلق الطبيعية والتشيم الطبيعية ، وبشيء ثالث وضعي وله مدخل ما في الأشياء الطبيعية وهو اللسان أعني اللغة التي بها تكون العبارة

«Бір халықтың екінші халықтан мынадай табиғи айырмашылығы бар: табиғи жаратылысы, табиғи мінез-құлқы және үшіншісі, сөйлейтін тілі» (Аудар. Ж.С. Сандыбаев) (Al-Farabi., 1995:29).

Этикалық ізгіліктер мен акциденциялар түрлі халықтарда әртүрлі болып, мезгіл мен мекен өзгерген сайын ол екеуі өзгеріп отырады. Мысалы, инабаттылық, байлық сияқты нәрселердің бәрі де ерікке қатысы бар, ақыл-оймен пайымдалатын ұғымдар алатын болса, онда бұлармен бір мезгілде нақты байланысты акциденциялар басқа уақытта байланысты болған акциденциялардан өзгеше келеді; бір халықтың қолындағы дағдылы нәрсе екінші бір халықта кездесетін нақты акциденциялардан басқа. Сондықтан да жаратылысында берілген қасиеттері жағынан тепе-тең адамдар өздері бейім тұратын нәрселер арқылы алатын тәрбиесіне қарай ажыратылады. Әдеби мен тәрбиесі әртүрлі болғандықтан, адамдардың мінезі де әркелкі. Бірақ, жағдай қалай болғанда да билеушінің мінезі көркем болуы қажет – деп санайды ойшыл.

Әл-Фараби жай ғана ақиқатты іздеген жоқ, оған ақиқатты адамдардың игілігіне жұмсау маңызды. Ол адамның бақытқа кенелу жолдары жайында ой жүгірткен кезде экономика, саясат, мемлекеттік құрылым, отбасы, жанұя мәселелерін рационалды түрде ақыл елегінен өткізіп отырды. Ойшыл өз ілімінде жақсылықты жаман-

дықтан айыратын ғылым сияқты түсінген этикаға да көп мән берді. Себебі этика адамдардың бір-бірімен келісіп, тіл табысып отыруы үшін ауадай қажет дүние деп санады. Әл-Фараби сол кездегі дәстүрді ұстана отырып, барлық ғылымды теоретикалық және практикалық деп екіге бөледі. Теоретикалық математиканы, физиканы, метафизиканы қамтыды; практикалық (азаматтық) өз ішіне этика мен саясатты алды (A. Nusanbayev, G. Kurmangaliyeva, Zh. Sandybaev, 2009:12).

Гректер үшін де, араб-мұсылман ғалымдары үшін де адамгершілік ұстындармен тығыз байланыс тән, бірақ ежелгі грек ойшылдары әлеуметтік-саяси мәселелерді этиканың шеңбері мен терминдерінде қарастырса, ал мұсылман ойшылдары бұл мәселелерді діни пәндердің шеңбері мен терминдерінде талқылады. Бұлардың екеуі де қоғамдық моральды біртұтас, жалпы моральдық мақсат тұрғысынан қарастырды: адам үшін ізгілік – қоғам үшін игілік.

Әл-Фарабидің «Адам бақытқа жетелейтін ұстазға мұқтаж» деген тұжырымы оның этикалық философиясындағы негізгі концепцияларының бірі. (Proverbs of Abu Nasir al-Farabi, 2020:58). Ойшылдың бұл концепциясын былай түсіндірсе болады: адамның өмір сүру мақсаты – жоғарғы бақытқа жету. Демек, ол бақыт дегеннің не екенін білуі тиіс. Себебі адам алға қойған асқақ мақсатына (бақытына) ұмтылады. Ал оған мұны үйрететін адам – тәлімгер.

Кейбір кісілер шағын билікке қанағат қылса, басқа бір адамдар – биліктің ұзақ және үстем болуын қалайды. Бірақ, бұл екеуі болғанның өзінде сырттан итермелеуші немесе талпындырушы болмаса, үйреткен, берілген ақылдың бәрін бірдей орындай бермейді. Бұл жағдай көпшілігіне тән. Сондықтан адам осының бәрін үйрететін және тиісті амалдарды орындауға кеңес беретін, демеуші болатын адамдарға (ұстазға) зәру. Осыдан келіп тәлім беру және тәлім алу яғни «ұстазға құрмет», «шәкірт ақысы», «ұстаз және шәкірт» сынды т.б. әдеп ережелері туады.

Мемлекет азаматтарына осындай ізгілік үйретуші адам – ұстаз. Әл-Фарабидің ұстазға қатысты айтқан этика тұжырымын кейінгі мұсылман ойшылдарынан да көреміз. Мысалы Ғазалише, ілім үйреніп, кейін басқа адамдардың үйренуіне жәрдемші болу – ең үлкен шарапат. Осының барлығын ескерген Ғазали үшін ұстаз

болу – қоғамдағы ислами құндылық категорияларының негізін қалау. Себебі, үйретуші, шәкірт үшін бағыт-бағдар беруші. Ұстаз болу оңай шаруа емес, ол шәкіртке жол көрсетеді, өзінің бақылауында ұстайды. Шәкірттің ең жақсы түрде ілім алуына қажетті нәрсенің барлығын жасайды. Шәкіртті өзінен кіші санамайды, азар бермейді, дөрекі сөйлеп намысына тимейді және т.б. (Abu Hamid Muhammad ibn Muhammad al-Ghazali, 1996:234)

Қорытынды

Сонымен әл-Фараби қайсыбір салада оң нәтижеге жетуге қабілетті адамдар қабілеті жоқ адамдардың басшысы болады деген ойды алға тартты. Сөйтіп барлық салада «оңды нәтижеге жету әдебін» топшылап «ұстазға мұқтаждық» концепциясын одан әрі дамытты. Бұл адамдар тәрбиенің нәтижесінде қол жеткізген жақсы немесе нашар басқару, кеңесші болу қабілетіне қарай бөлінеді. Жақсы басшылық жасап, жақсы ақылгөй болуға қабілеті бар адамдар басқалар үшін жетекші болмақ: «Қайсыбір салада неғұрлым жетілген тәрбие көргендер нақ сол салада соғұрлым кәміл емес тәрбие алғандарға басшы болады. Осындай салада жаратылысынан ең абзал қасиеттері бар және жаратылысынан өзі бейім нәрселердің бәріне сәйкес тәрбие алғанда осы салада жаратылысынан тамаша қасиеті еш уақытта болмағандарға басшы бола алмайды; олар жаратылысынан тамаша қасиеті бар, бірақ тиісті тәрбие алмағандарға ғана немесе жеткілікті тәрбие алмағандарға ғана басшы бола алады», – дейді ғалым (Al-Farabi, 1995:54).

Осылайша ғалым қайсыбір салада болмасын жемісті жетіктікке жету үшін шебер хәм білікті тәлімгердің маңызына жіті назар аударады. Өйткені қоғам үлгілі қала болуы үшін әрбір тұрғын болмысынан бейім немесе икемі бар кәсіппен айналысуы тиіс. Сонда ғана адам өзін бақытты сезінеді, жұмысын махаббатпен орындайды. Ал қала қайырымды қалаға айналады.

Әл-Фарабиге сәйкес «Қайырымды қаланы тек қайырымды азаматтар ғана құра алады» (Proverbs of Abu Nasir al-Farabi, 2020:183) Ол үшін ғалым ұстазға қатысты жоғарыда айтқан тұжырымын одан әрі дамытады. Қала тұрғындарын жақсылыққа тәрбиелеу үшін жаны жомарт, ізгі амалды жақсы көретін көркем мінезді жандар қажет:

فإنه يلزم ضرورة أن يكون من يستعملهم من أهل الفضائل وأهل الصنائع في تأديب الأمم وأهل المدن طائفتين أوليتين: طائفة يستعملهم في تأديب من يتأدب منهم طوعاً وطائفة يستعملهم في تأديب من سبيله أن يؤدب كرهاً

«Негізінде халықтар мен қала тұрғындарын тәрбиелеуде қайырымды да өнерлі жандарды пайдаланатын адамдардың да болуы қажетті шарт. Мұндай адамдардың екі тобы бар: бір тобы тәрбиеге өз еркімен көнетін адамдарды тәрбиелейді, ал екінші тобы күштеп тәрбиелеуге келетіндерді тәрбиелейді» (Al-Farabi, 1995:76) Демек, ғалым қайырымды қоғам тұрғызу үшін қажет болған жағдайда тәрбиені күштеп болса да беру қажеттігін алға тартты. Бүгінде біз білетін әрі көріп жүрген түзету мекемелері міне, осындай тұжырым негізінен бастау алса керек. Ал әл-Фарабиге сәйкес: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз». (Al-Farabi, 1995:71) Ғалымның бұл тұжырымы қайырымды қаланы көтеру үшін және қайырымды азамат тәрбиелеу жолындағы этикалық философиясының маңызын айқандайды. Себебі ғалым мінез-құлықты көркем қасиеттер-

мен көркемдеуді денені жетілдірумен ұқсатады. Адамгершілік қасиеттер арқылы адамның жаны көркемделсе, жаттығу арқылы денсаулық күшееді (Al-Farabi, 1995:24). Осылайша әл-Фарабидегі қайырымды адамның жаны сау, денсаулығы да мықты. Рухани саламатты адамға жаман мінез жараспайды. Сол үшін ғалым адамның байындағы жаман мінезді рухани кеселмен теңеген. Дерттің жақсысы болмағаны сияқты жаман мінездің де тәуірі жоқ. Адам кесел атауынан қаншалықты сақ жүрсе, жаман мінезден де соншалық аулақ болуы лазым.

Ғалымның адам, қоғам, әлеуметтік өмір мен этика, мораль сынды көтерген т.б. мәселелер маңызын жоғалтпақ емес. Әсіресе, оның этикалық жүйесі қазіргі заманда да қоғамдағы адамгершілікті қайта жандандыру құралы ретінде тәжірибелік құндылыққа ие.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу ҚР БҒМ ҒК тарапынан қаржыландырылған ЖТН АР08857715 жобасы аясында әзірленді.

Әдебиеттер

- Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Алматы, 2007. – 72 б.
- Кабыкенова Б.С. Нравственные основы духовной культуры государственного служащего // Аль-Фараби – Абай: проблема преемственности. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 324б.
- Әл-Фараби. Китаб тахсил әс-саада. Бейрут-Любнан: Дар-уа-мактабатұль-хияль, 1995. – 102 б.
- Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құраст.: Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 656 бет.
- Хайруллаев М.М. Мироззрение Фараби и его значение в истории философии. Ташкент: «Фан», 1967. 234 с.
- Әл-Фараби. Әс-Сияса әл-мадания. Бейрут-Любнан. Дар-уа-мактабатұль-хияль, 1996. 127 б.
- Ж. Сандыбаев. Ортағасыр шығыс философиясындағы басқару мәдениетінің адамгершілік негіздері: Монография. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, 2001. – 102 б.
- Наср С.Х. Сәләс хукама муслимин. – Бейрут: Уарақа әд-дауа, 1971. – 193 б.
- Аль-Фараби. Избранные трактаты / Перевод с арабского. – Алматы: ИФ АН РК, 1994. 440 с.
- Әбу Насыр әл-Фарабидің нақыл сөздері. (араб, қазақ, орыс тілдерінде) – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2020. – 220 б.
- Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мухаммед әл-Ғазали. Ихия’у ‘улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 3. – 584 б.
- Әл-Фараби. Әро-у әхлу әл-мәдинати әл-фазилә. Бейрут-Любнан. Дар-уа-мактабатұль-хияль, 1995. 198 б.
- Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. А., 1975. – 368 б.
- Әл-Фараби. «Әт-тахсил ғәлә әс-саада». Бейрут-Любнан: Дар-уа-мактабатұль-хияль, 1995. – С.25-102.

References

- Nazarbayev N. (2007) New Kazakhstan in the new world. – Almaty, 72 p.
- Kabykenova B. (2007) Moral foundations of the spiritual culture of the civil servant // Al-Farabi – Abai: the problem of succession. Proceedings of the International Scientific Conference. – Almaty: Kazakh University, 324 p.
- Al-Farabi. (1995) Book tahsil as-sayada. Beirut-Lubnan: Dar-ua-maktabatul-hilal, 102 p.
- Abu Nasir al-Farabi. Selected treatises (2009) / Compiled by: A. Nysanbayev, G. Kurmangaliyeva, Zh. Sandybaev. – Almaty: Arys Publishing House. – 656 pages.
- Khairullaev M. (1967) Farabi's worldview and its significance in the history of philosophy. Tashkent: "Fan", 234 p.

- Al-Farabi. (1996) *As-Siyasa al-Madaniya*. Beirut-Lubnan. Dar-ua-maktabatul-hilal, 127 p.
- Zh. Sandybaev (2001) *Moral foundations of management culture in medieval Eastern philosophy: Monograph*. –Astana: Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, – 102 p.
- Nasr S.H. (1971) *I am a Muslim*. – Beirut: Uaraq ad-dagua, – 193 p.
- Al-Farabi. (1994) *Favorite treatises / Translation from Arabic*. –Almaty: IF AN RK, 440 p.
- Proverbs of Abu Nasir al-Farabi*. (2020) (in Arabic, Kazakh, Russian) – Almaty: Kazakh University Publishing House, – 220p.
- Abu Hamid Muhammad ibn Muhammad al-Ghazali (1996) *Ihiya'u 'ulum ad-Din*. – Egypt: Dar al-Iman, – Vol. 3. – 584 p.
- Al-Farabi. (1995) *Aro-u ahlu al-madinati al-fazila*. Beirut-Lubnan. Dar-ua-maktabatul-hilal [The most wonderful people of the city Alvazl.], 198 p.
- Al-Farabi. (1975) *Socio-ethical treatises*. 368 p.
- Al-Farabi. (1995) "At-tahsil gala as-saga". Beirut-Lubnan: Dar-ua-maktabatul-hilal, – P.25-102.